Газет 1970 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газета выходит с 1 января 1970 года.

@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY

ILE TANY

№40 (5201) Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық 2 қазан (жұма) октября (пятница) 2026 жыл год Алматинская-Жетысуская областная общественно-политический еженедельник

Құрметті қариялар, ардақты ардагерлер!

Сіздерді 1 қазан – халықаралық Қарттар күні мерекесімен құттықтаймын! Халқымызда «Қарты бар елдің қазынасы бар» деген тағылымды қанатты сөз бар. Біз – сол қастерлі құндылықты бойымызға сіңіріп өскен халықпыз.

Солардың барлығы дерлік қоғам мен әлеуметтік ортаның өзгерістері мен құндылықтарына құрметпен қарайды. Бастамаларына болысады, өзгерістерді оң бағалайды. Сәйкесінше біз де қарияларға деген құрметті ескерусіз қалдырмаймыз. Ақыл-кеңестеріне құлақ түріп, әрбір берекелі іске бастамашы етеміз. Мұның барлығы қаймағы бұзылмаған қазақылықтың

ҚАРТЫ БАР ЕЛДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР

Әркез қарияларымыздың ел дамуы жолындағы ерен еңбегі мен үлгілі істерін ардақтап келеміз. Ардагерлерді ардақтау, қарияларды қадірлеу, үлкеннің жолын кеспеу, сөзін бөлмеу сынды ізгілік ұстанымдарды ұштастыру арқылы біз ұрпақтар сабақтастығын жалғап келеміз. Қазақтың «тәйт» дейтін табанды қариясы болмаса, біздің қоғамдағы отбасылық құндылықтың қадірі қалмас еді. Қазір ауданымызда мыңдаған зейнет жасындағы жан бар.

негізгі жолы деп есептейміз. Ауданымызда өтіп жатқан әрбір мәдени шаралардың да басы-қасында абыз ақсақалдарымыз бен ақ жаулықты аналарымыз жүріп, жастарға үлгі-өнегесін көрсетуде.

Қадірлі жерлестер!

Бүгінгі айтулы мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларыңызға бақ-береке, амандық тілеймін.



Құрметті ұлағатты ұстаздар қауымы!!!

«5 қазан - ұстаздар күні» кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын.

«Ұстаз болу – өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» - дегендей, ұстаз болу – аса маңызды және өте қиын мамандық. Өйткені, ұстаз білім беріп қана қоймайды, баланы болашақ үлкен өмірге дайындап, білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойларына дарытып, адамгершілік рухта тәрбиелейді. Сіздер, мұғалімдер, «Ұстаз» деген ұлағатты есімге кір келтірмей, аянбай еңбек етіп келесіздер. Себебі, сіздер – ізгіліктің қайнар бұлағысыздар!

Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. «Жаңа Қазақстан» атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім.

«Ұстаздық етпес жалықпас, үйретуден балаға» - деп қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы айтқандай, ұстаздар қауымы жастардың болашағын айқындап, болашағына жол сілтеп, тәлім-тәрбие беріп, жүректерін білім нұрына толтырамыз. Бүгін еккен дәндеріміз – ертеңгі жеңісті-жемісті күннің кепілі. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады.

«Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» деген халқымыз. Ұстазсыз адам болмайды. Бәріміз де кезінде мұғалім тәлімін алып, білімін үйрендік. Сондықтан болашаққа жол сілтейтін мұғалім еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды міндет» деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың айтқан сөзі ұстаздар қауымына берілген нақ баға деп түсінеміз.

Құрметті ұстаздар! Жас ұрпақтың құрметі мен махаббатына бөленіп, халықтың ыстық ықыласына кенеле беріңіздер. Сіздерге бүгінгі мереке қарсаңында шығармашылық табыс тілеймін, ғылым-білім саласындағы жаңалықтарыңыз арта берсін. Білімді шәкірттеріңіз көп болсын. Мерекелеріңізбен! Мерейлеріңіз үстем болсын!

Қайыржан ЖАҚСЫМБЕТОВ,
аудан әкімі

ҰСТАЗДАР – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ҚАЙНАРЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ



Іле ауданында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету – мемлекеттік органдардың ғана емес, барша азаматтың ортақ міндеті. Осы бағыттағы профилактикалық жұмыстарды күшейту мақсатында Іле ауданында «Заң және тәртіп» бағдарламасын іске асыру аясында Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Жиынды Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов ашып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен құқық бұзушылықтардың алдын алудың маңыздылығына тоқталды. Күн тәртібінде аудан тұрғындарының қауіпсіздігіне тікелей қатысты бірқатар өзекті мәселе қаралды.

Атап айтқанда, мас күйінде жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу, алкоголь өнімдерін белгіленбеген уақытта сатуға жол бермеу, қоғамдық тәртіпті сақтау, вандализм мен ұсақ құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері талқыланды.

Қоғамдық тәртіпті сақтау – құқық бұзушылықпен күрестің бір ғана бағыты емес. Оның негізінде алдын алу, түсіндіру және азаматтармен жүйелі жұмыс жүргізу жатыр. Осыған байланысты жиында құқық бұзушылық жасауға бейім азаматтармен жеке профилактикалық жұмыстарды күшейту қажеттігіне ерекше мән берілді.

Комиссия отырысында өрт қауіпсіздігі мәселесі де назардан тыс қалмады. Аудан аумағындағы өрт қаупі жоғары нысандардың жағдайын тұрақты бақылауда ұстау, тиісті нысандарға мониторинг жүргізу және тұрғындар арасында өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Жиынның маңызды бағыттарының бірі – есірткі құралдары мен психотроптық заттарды қолданатын азаматтардың мәселесі болды. Бұл ретте тәуелді азаматтарды дер кезінде анықтау ғана емес, оларды емдеу және кейінгі оңалту жұмыстарын жүйелі ұйымдастырудың маңызы атап өтілді. Мұндай кешенді тәсіл қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етумен қатар, азаматтардың қалыпты өмірге қайта оралуына мүмкіндік береді.

Отырысты қорытындылаған аудан әкімі профилактикалық шараларды күшейтуді тапсырды. Атап айтқанда, құқық бұзушылыққа бейім тұлғалармен жеке жұмыстар жүргізу, алкоголь өнімдерін сату талаптарының сақталуын бақылау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және қауіпсіздікке қатер төндіретін факторлардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелеу міндеті қойылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу – оның салдарымен күресуден бұрын себептерін анықтап, дер кезінде әрекет етуді талап ететін маңызды жұмыс. Сондықтан қауіпсіз қоғам қалыптастыруда мемлекеттік органдардың, құқық қорғау құрылымдарының, қоғамдық ұйымдардың және тұрғындардың өзара жауапкершілігі айрықша рөл атқарады.

Заңға құрмет, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік талаптарын сақтау – тұрақты әрі қауіпсіз қоғамның берік негізі. Заң және тәртіп – баршаға ортақ жауапкершілік.

Карима МЕЙРАМБЕК

САЙЛАУ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ІЛЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ІЛЕ АУДАНДЫҚ ОКРУГТІК ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының (бұдан әрі - сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына Алматы облысы Іле ауданының мәслихаты № 1, 18, 21, 15, 13, 10, 11, 4, 12 бірмандаттық округтік және № 339, 343, 344, 345, 1015, 351, 354, 3569, 357, 358, 1007, 1045, 1046, 1062, 1063, 1017, 362, 1008, 358, 387, 389, 400, 401, 996, 1059, 403, 404, 405, 407, 408, 409, 410, 412, 413, 970, 1009, 1047, 1055, 1058, 414, 415, 417, 418 учаскелік сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына аталған саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардан ұсыныстар түспеген жағдайда мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылатындарға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылғы 25 қыркүйектен 9 қазан аралығында мәслихатқа келесі құжаттарды ұсынады:

1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы белгіленген нысандағы электронды және қағаз түрінде мәліметтер;

2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссияларының шешімдерінен үзінді;

3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына белгіленген нысан бойынша қатысуға келісімі туралы өтініштері.

Сайлау комиссиялары құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің, кандидаттардың сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісім беруі туралы өтініштерінің нысаны мәслихаттың сайтына орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын тұлға сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сай болуы тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

Сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның жұмыскерлері болмауға тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылатын барлық қағаз нұсқадағы құжаттарда басшының қолы қойылған, мөрмен бекітілген және орындалу датасы, орындаушының фамилиясы, аты-жөні мен телефон нөмірі көрсетілген болуы тиіс.

Сайлау комиссиясының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылғы 10 қазанға дейін дүйсенбі мен жұма аралығында сағ. 08:00-ден 17:30-ға дейін, үзіліс сағ.12:30-ден 14:00-ға дейін.

Іле аудандық мәслихаты

Іле аудандық мәслихатының төрағасы – М.Б.Карибаев

Мәслихаттың орналасқан жері: Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, З.Батталханов көшесі, 8.

Жауапты тұлғалар – Мусаев Бахыт Жармаханбетұлы, Еркін Ұлжан Еркінқызы. №214, 215 каб., қызметтік телефондарының нөмірі: (8727) 2517037, (872752) 20027, электрондық пошта мекенжайы: ile-maslihat@mail.ru.

Іле аудандық мәслихаты 96 кандидатты - округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлайды

СООБЩЕНИЕ МАСЛИХАТА ИЛИЙСКОГО РАЙОНА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В СОСТАВ ОКРУЖНОЙ И УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ

В соответствии со статьей 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее - конституционный закон О выборах) маслихат Илийского района Алматинской области учредил одномандатное окружное собрание № 1, 18, 21, 15, 13, 10, 11, 4, 12 и № 339, 343, 344, 345, 1015, 351, 354, 356, 357, 358, 1007, 1045, 1046, 1061, 1063, 1017, 362, 1008, 385, 387, 389, 400, 401, 996, 1059, 403, 404, 405, 407, 408, 409, 410, 412, 413, 970, 1009, 1047, 1055, 1058, 414, 415, 417, 418 извещают о внесении изменений в состав участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемым, избирательные комиссии с 25 сентября по 9 октября 2026 года представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется до 10 октября 2026 года с понедельника по пятницу с 08:00 до 17:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Илийский районный маслихат

Карибаев М.Б – председатель Илийского районногомаслихата.

Местонахождение маслихата: Илийский район, с.Отеген батыра, ул. Батталханова, 8.

Ответственные лица – Мусаев Бахыт Жармаханбетович, Еркін Ұлжан Еркінқызы. каб. №214, 215, служебные телефоны: (8727) 2517037, (872752)20027, адрес электронной почты: ile-maslihat@mail.ru.

ІЛЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ 96 КАНДИДАТТЫ - ОКРУГТІК ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАЙДЫ

№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Орналасқан жері	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
1	2	3	4
		Округтік сайлау комиссиялары – 13	
1.	1	Боралдай кенті, Водник-1 ы/а, К. Әзірбаев көшесі, 2, № 15 орта мектеп	2
2.	18	Өтеген батыр ауылы, Титов к-сі 16, №7 орта мектеп	1
3.	21	Байсерке ауылы, Аркабай көшесі, 271, № 12 орта мектеп	1
4.	15	Қараой ауылы, Дауылбаев көшесі, 1, №18 орта мектеп	1
5.	13	Н.Тілендиев ауылы, Алматы көшесі, 32, №26 орта мектеп	1
6.	10	Екпінді ауылы, Наурызбай батыр көшесі 24	2
7.	11	Ақсай ауылы, М. Жұмабаев көшесі №11	1
8.	12	Ақши ауылы, Д. Қонаев көшесі, 31, Ақши ауылдық Мәдениет үйі	4
		Учаскелік сайлау комиссиялары – 83	
1	339	Боралдай кенті, Бостанов к-сі 1, №17 орта мектебі	1
2	343	Боралдай кенті, Водник-2 ы/а, 66 А, «Алматыгазсервис Холдинг» АҚ	2
3	344	Боралдай кенті, Водник-3 ы/а, «Әдемі» бөбекжай балабақшасы	2
4	345	Боралдай кенті, К. Әзірбаев к-сі №1, №15 орта мектебі	4
5	1015	Боралдай кенті, К. Әзірбаев к-сі 1А, Боралдай кентінің аудандық ауруханасы	1
6	351	Өтеген батыр ауылы, Титов к-сі №16, №7 орта мектебі	9
7	354	Өтеген батыр ауылы, Титов к-сі №24, «Алматы облысы білім басқармасының Іле ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	9
8	356	Кенен Әзірбаев ауылы, Егемендік к-сі №103«А», «Волковгеология» АҚ ғимараты	1
9	357	К. Әзірбаев ауылы, Алматы к-сі №84, Іле ауданының құрылыс бөлімі	1
10	358	Өтеген батыр ауылы, Қ.Рысқұлбеков к-сі №38, №24 лицейі	1
11	1007	Өтеген батыр ауылы, Қ.Рысқұлбеков к-сі №38, №24 лицейі	1
12	1045	Өтеген батыр ауылы, Қ. Рысқұлбеков к-сі №38, №24 лицейі	1
13	1062	Өтеген батыр ауылы, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы к-сі №32/1, Нұрғиса Тілендиев атындағы аудандық Мәдениет үйі	2
14	1061	Өтеген батыр ауылы, Титов к-сі №16, №7 орта мектебі	1
15	1063	Өтеген батыр ауылы, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы к-сі №32/1, Нұрғиса Тілендиев атындағы аудандық Мәдениет үйі	3
16	1017	Өтеген батыр ауылы, Рахымбаев к-сі №35, Облыстық балалар клиникалық ауруханасы	1
17	362	Байсерке ауылы, Бейбітшілік к-сі №14«Б», №9 орта мектебі	1
18	1008	Байсерке ауылы, Бейбітшілік к-сі №14«В», №28 мектеп-гимназиясы	1
19	385	Н.Тілендиев ауылы, Алматы к-сі №32, №26 орта мектебі	1
20	387	Қараой ауылы, Бейбітшілік к-сі №10, Қараой ауылдық Мәдениет үйі	2
21	389	Ақсай ауылы, Достық к-сі №12, №16 орта мектебі	1
22	400	Аскар Токпанов ауылы, Аитов к-сі №44, «Балбөбек» балабақшасы	1
23	997	Жайнақ ауылы, Школьная көшесі № 4, № 31 орта мектебі	2
24	996	А.Токпанов ауылы, Б. Сейдалиев к-сі №117, № 42 орта мектебі	3
25	1059	А.Токпанов ауылы, Б. Сейдалиев к-сі № 117, №42 орта мектебі	2
26	403	М. Түймебаев ауылы, Ә. Молдағұлова к-сі №14, №19 орта мектебі	1
27	404	М. Түймебаев ауылы, Алматинская к-сі № 189«А», №20 орта мектебі	1
28	405	Мұхаметжан Түймебаев ауылы, Әскери қалашығы 313/8«Б», «Первомайские пруды» әскери қалашығы № 8 Б/1	2
29	407	Жәпек батыр ауылы, Абай к-сі №17«Г», № 4 орта мектебі	1
30	408	Жәпек батыр ауылы, Абай к-сі №17«Г», № 4 орта мектебі	3
31	409	Төле би ауылы, Абдолла Қарсақбаев к-сі №16«А», № 37 орта мектебі	1
32	410	Мұхаметжан Түймебаев ауылы, 2-линия №17, «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы	3
33	412	Жәпек батыр ауылы, К. Алтаев к-сі №138«А», №36 орта мектебі	1
34	413	Көккайнар ауылы, Бәйтерек к-сі № 97«А», №44 орта мектебі	2
35	970	Жәпек батыр ауылы, М.Өтемісұлы к-сі №703 ғимарат, №51 орта мектебі	1
36	1009	Көккайнар ауылы, Бөгенбай батыр к-сі №3156, «Менің мектебім» ЖШС	1
37	1047	Жәпек батыр ауылы, Қ.Алтаев к-сі №138«А», №36 орта мектебі	1
38	1055	Көккайнар ауылы, Бәйтерек к-сі №97«А», №44 орта мектебі	2
39	1058	М.Түймебаев ауылы, Қадырғали Жалайри к-сі №24/1, «Жайлы мектеп» МКМ	2
40	414	Байкент ауылы, № 3 шағын ауданы, №13 ғимарат, Байкент ауылдық Мәдениет үйі	1
41	1060	Байкент ауылы, №3 ықшам ауданы, №13, Іле ауданы әкімінің Мәдениет үйі	2
42	417	Ақши ауылы, Дінмұхамед Қонаев к-сі №13«А», №8 орта мектебі	2
43	418	Ақши ауылы, Дінмұхамед Қонаев к-сі №11, №41 Т.Бокин атындағы орта мектебі	2

Іле аудандық мәслихаты

ИЛИЙСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ ИЗБИРАЕТ 96 КАНДИДАТОВ - ЧЛЕНОВ ОКРУЖНЫХ И УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ

№ р/с	Номер избирательного округа	Место нахождения	Количество членов избирательной комиссии
1	2	3	4
		Окружные избирательные комиссии- 13	
1.	1	П. Боралдай, мкр. Водник-1, ул. К. Азирбаева, 2, Средняя школа № 15	1
2.	18	С. Отеген батыр, Ул, Титова 16, средняя школа №7	1
3.	21	Село Байсерке, улица Аркабая, 271, средняя школа № 12	1
4.	15	Село Караой, улица Даулбаева, 1, средняя школа №18	1
5.	13	Село Н. Тлендиева, улица Алматы, 32, средняя школа №26	1
6.	10	Село Екпинды, улица Наурызбай батыра 24	2
7.	11	Село Аксай, улица М. Жумабаева №11	1
8.	4	С. М. Туймебаев, Ул, Молдагулова, 14, средняя школа №19	1
9.	12	Село Акши, улица Д. Кунаева, 31, Акши сельский Дом культуры	4
		Участковые избирательные комиссии- 83	
1	339	п. Боралдай, улица Бостанова №7, средняя школа №54	1
2	343	поселок Боралдай, микрорайон Водник-2 №66«А», АО «Алматыгазсервис Холдинг»	2
3	344	поселок Боралдай, микрорайон Водник-3 №40, ясли-сад «Әдемі»	2
4	345	поселок Боралдай, улица К.Азербаева №1, средняя школа №15 имени К.Азербаева	4
5	1015	поселок Боралдай, улица К.Азербаева №1«А», районная больница поселка Боралдай	1
6	351	село Отеген батыр, улица Титова №16, средняя школа №7	9
7	354	село Отеген батыр, улица Титова №24, ГУ «Отдел образования по Илийскому району»	9
8	356	село Кенен Азербаева, улица Егемендік, № 103«А», АО «Волковгеология»	1
9	357	село Кенен Азербаев, улица Алматы №84, Отдел строительства Илийского района	1
10	358	село Отеген батыр, улица К.Рыскулбекова №38, лицей №24	1
11	1007	село Отеген батыр, К.Рыскулбекова улица №38, Лицей №24,	1
12	1045	село Отеген батыр, улица К.Рыскулбекова №38, лицей №24	1
13	1062	село Отеген батыр, улица 10 летия Независимости № 32/1, районный дом культуры имени Нургисы Тлендиева	2
14	1061	село Отеген батыр, улица Титова №16, средняя школа №7	1
15	1063	село Отеген батыр, улица 10 летия Независимости № 32/1, районный дом культуры имени Нургисы Тлендиева	3
16	1017	село Отеген батыр, микрорайон Куат, улица Рахимбаева №35, Областная детская клиническая больница	1
17	362	село Байсерке, улица Бейбитшилик №14«Б», средняя школа №9	1
18	1008	с. Байсерке, ул. Бейбитшилик №14«В», школа-гимназия №28	1
19	385	село Н. Тлендиева, улица Алматы №32, средняя школа №26	1
20	387	с.о Караой, ул. Бейбитшилик №10, дом культуры села Караой	2
21	389	село Аксай, улица Достык №12, средняя школа №16	1
22	400	село Аскара Токпанова, улица Аитова №44, детский сад «Балбобек»	1
23	997	село Жайнак, улица Школьная №4, средняя школа №31	2
24	996	с.Аскара Токпанова, ул.Балта Сейдалиева №117, СШ №42	3
25	1059	с.Аскара Токпанова, ул. Балта Сейдалиева №117 СШ №42	2
26	403	с.М. Туймебаева, ул. А.Молдагуловой №14, СШ №19	1
27	404	с. М.Туймебаева, ул. Алматинская №189«А», СШ № 20	1
28	405	село Мухаметжана Туймебаев, военный городок «Первомайские пруды», № 313/18	2
29	407	село Жапек батыр, улица Абая №17Г, СШ №4, фойе	1
30	408	село Жапек батыра, улица Абая №17 «Г», средняя школа №4	3
31	409	с. Толе би, ул. Абдоллы Карсакбаева №16«А», СШ №37	1
32	410	с. М.Туймебаева, ул.Акан - Сери №17, ясли-сад «Күншуақ»	3
33	412	с. Жапек батыр, улица К. Алтаева №138«А», СШ №36	1
34	413	село Коккайнар, улица Байтерек №97«А», СШ №44	2
35	970	село Жапек батыр, улица М.Отемисулы 703 здание, СШ №51	1
36	1009	с. Коккайнар, улица Богенбай батыра №3156, ТОО «Menin Mektebim»	1
37	1047	село Жапек батыр, улица К. Алтаева №138«А», средняя школа №36	1
38	1055	село Коккайнар, улица Байтерек №97А, средняя школа №44	2
39	1058	село М.Туймебаева, улица Кадыргали Жалайри №24/1, Комфортная школа с. М.Туймебаева	2
40	414	село Байкент, микрорайон № 3, здание №13, Дом культуры с/о Байкент	1
41	1060	с.Байкент, микрорайон №3, Дом культуры акима Илийского района № 13	2
42	417	село Акши, улица Динмухамеда Кунаева №13«А», средняя школа №8	2
43	418	с.Акши, ул. Д. Конаева №11, средняя школа №41 имени Т.Бокина	2

Маслихат Илийского района

ҚОҒАМ

АҒА БУЫНҒА ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

1 қазан – Қарттар күніне орай Өтеген батыр ауылдық округінде «Ізгілікке толы жүректер» атты тағылымды кездесу өтті. Аталған іс-шараны «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ Іле ауданындағы бөлімі мен «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Іле аудандық филиалы бірлесіп ұйымдастырды.



Тағылымды басқосуға Аналар кеңесі мен Ақсақалдар кеңесінің мүшелері, Іле аудандық Ә. Нұрғожа атындағы халық ансамблінің өнерпаздары, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, «Экономика және құқық» колледжінің ұстаздары мен студенттері қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – аға буынға құрмет көрсетіп, олардың сан жылдық өмірлік тәжірибесі мен өнегесін жас ұрпаққа насихаттау, сондай-ақ ұрпақтар сабақтастығын нығайту.

Іс-шара барысында Өтеген батыр ауылдық округі Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сүйіндіков Ғафуржан Беккожаұлы, «Қазақстандық ұйғырлардың республикалық этномәдени орталығы» ҚБ Іле аудандық филиалының төрағасы Ушурова Рашидам Сайдалиевна, Славян этномәдени бірлестігінің мүшесі Любовь Дмитреевна және Ұйғыр этномәдени бірлестігінің мүшесі Турдиева Гүлкиз әжим сөз сөйлеп, үлкенге құрмет, кішіге ізет, отбасы құндылықтары мен өмірлік тәжірибенің маңызы жөнінде ой бөлісті.

Жылы жүздесуде өнер де назардан тыс қалмады. «Ел жастары» мүшесі Гогина Василина Васильевна аға буын өкілдерін мерекемен құттықтап, әсем ән орындады. Ал Іле аудандық Ә. Нұрғожа атындағы халық ансамблінің мүшелері өздерінің музыкалық тартуларын ұсынып, жиынның мерекелік мәнін арттырды.

Басқосудың мазмұнын байыта түскен тағы бір бөлім – мемлекеттік тілге арналған танымдық ойын. «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының мемлекеттік тіл оқытушысы Мырзабекова Қарлығаш «Ана тілім – асыл қазынам» тақырыбында мақал-мәтелдерге негізделген тілдік ойын ұйымдастырып, қатысушылардың білімін шыңдады.

Кездесу соңында қарттарға құрмет көрсетіліп, мерекелік құттықтау қағаздары табысталды.

Қазақ халқы «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деп бекер айтпаған. Өмірдің талай белесінен өтіп, кейінгі ұрпаққа ақыл-кеңесі мен өнегесін айтып отырған аға буын – қоғамның рухани тірегі. Осындай тағылымды кездесулер үлкен мен жастың арасындағы байланысты нығайтып, ізгілік пен сыйластық құндылықтарын дәріптеуге жол ашады.

Өз тілшіміз

КІТАП ОҚУ – БІЛІМГЕ БАСТАР ЖОЛ

Мемлекет басшысының 2026 жылғы 16 мамырдағы «Оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы негізінде мектебімізде арнайы жұмыс жоспары жасалып, оқушылар мен педагогтер,ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Республикамыз бойынша жүріп жатқан «Кітап оқитын ұлт» марафонына тіркеліп, соның ішінде «Кітап оқитын мектеп» «Кітап оқитын педагог», «Кітап оқитын әулет» бағыттары бойынша қатысудамыз . Марафонның басты мақсаты-оқырмандар арасында кітапты тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыру. Мектеп кітапханасында 6-10 сынып оқушылары мен ұстаздарға оқуға ұсынылған кітаптардан арнайы кітап бұрыштары ұйымдастырылды. Марафонға ұсынылған тізіміндегі кітаптарды оқырмандар өздеріне ыңғайлы платформаны таңдап, электронды , аудио немесе қағаз түрінде кітапханадан алып оқи алады. Сонымен қатар, kazneb сайтынан оқуға болады. Марафон аясында әр айда жаңа кітап , жаңа білім алуға мүмкіндіктер бар. Кітапханамызда әр оқырманға бағыт беріп, әр ұсынылған кітапқа жол ашу басты назарда. Өйткені кітап оқу білімге бастар жол, рухани дамудың негізі деп ойлаймын. Мемлекет басшысы айтқандай, «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу». Кітап оқитын зерделі ұлтты бірге қалыптастырайық!



А. ДАУЕНОВА,
№20 орта мектеп кітапхана меңгерушісі



ҰСТАЗ – ҰРПАҚҚА БАҒЫТ БЕРЕТІН ШАМШЫРАҚ

Ұстаз – тек білім беруші маман емес. Ол – шәкіртінің бойындағы қабілетті байқап, арманын қолдап, өзіне деген сенімін қалыптастыратын тұлға. Кейде мұғалімнің бір ауыз жылы сөзі баланың бүкіл өміріне әсер етуі мүмкін. Сондықтан ұстаз еңбегінің нәтижесін тек баға немесе білім көрсеткішімен өлшеу мүмкін емес.

Қазіргі заман ұстазы үнемі ізденісте болуы тиіс. Жаңа әдістемелерді меңгеру, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану, жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру үдерісіне енгізу – бүгінгі педагогтің кәсіби дамуының маңызды бағыттары. Бірақ технология – құрал ғана. Ал сол құралды дұрыс пайдаланып, білімді құндылыққа айналдыратын – ұстаз.

Әсіресе тіл үйретететін педагогтердің еңбегі ерекше құрметке лайық. Себебі тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – мәдениет, тарих, ұлттық сана мен рухани сабақтастықтың негізі. Мемлекеттік тілді үйрету арқылы ұстаз тыңдаушыларға,елге, тілге, ұлттық құндылықтарға деген құрметін қалыптастырады.

«Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» КММ Іле аудандық филиалы барша ұстаздардың кәсіби ізденісін, шығармашылығын және тәжірибе алмасуын қолдауды маңызды міндеттердің бірі деп санайды.

Құрметті ұстаздар!

Сіздерді Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбектеріңіз еленіп, шәкірттеріңіздің жетістігі еселенe берсін. Әр сабағыңыз – болашаққа бастар жол, әр шәкіртіңіз – еңбегіңіздің жемісі болсын!

Ұстазға құрмет – білімге құрмет.

Білімге құрмет – болашаққа құрмет.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Карлыгаш МЫРЗАБЕКОВА,
«Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» КММ Іле аудандық филиал оқытушысы

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» – МЕЙІРІМ МЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылғы 28 шілдедегі №4-21-6/5243-И хаты және Алматы облысы Іле ауданы бойынша Білім бөлімінің 2026 жылғы 1 тамыздағы №57811 бұйрығы негізінде 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткізілуде.

Акцияның басты мақсаты – жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға, оның ішінде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жан-жақты көмек көрсету. Сонымен қатар әлеуметтік себептерге байланысты балалардың мектепке келмеуінің алдын алып, олардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау – акцияның негізгі бағыттарының бірі.

Осы мақсатта А. Тоқпанов ауылының «№42 орта мектебі» МКМ-де тиісті бұйрық шығарылып, акцияны ұйымдастыруға арналған жоспар құрылды. Мектеп ұжымы қайырымдылық шарасына белсенді атсалысып, көмекке мұқтаж оқушыларды қолдауға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуде.

Акцияның басталуына орай мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен ауыл көшелеріне «Мектепке жол» акциясының мазмұнын насихаттайтын плакаттар мен банерлер орналастырылды. Бұл жұмыстар тұрғындардың назарын қайырымдылық шарасына аударып, игі іске демеушілер мен жомарт жандарды тартуға бағытталды.

Сонымен қатар мектеп әкімшілігі тарапынан ауылдағы кәсіпкерлермен, жеке кәсіп иелерімен және демеушілермен кездесулер ұйымдастырылып, әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жөнінде түсіндіру және насихаттау жұмыстары жүргізілуде

«Мектепке жол» акциясының басталуы мен атқарылып жатқан жұмыстар мектептің әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында тұрақты түрде жарияланып, көпшілікке ақпараттық қолдау көрсетілуде.

Қайырымдылық – қоғамның мейірімділігі мен бірлігін танытатын ізгі қасиет. Бір балаға көрсетілген көмек – оның көңіліне қуаныш, болашағына сенім сыйлайтын үлкен қолдау. Сондықтан «Мектепке жол» акциясы аясындағы әрбір игі іс – балалардың жаңа оқу жылын қуанышпен бастап, білімге нық қадам басуына жасалған маңызды мүмкіндік.

Бірге қолдау көрсетіп, бір балаға болса да қуаныш сыйлау – баршамызға ортақ міндет. Жақсылық жасауға асығайық!

Молдир ГАЙДЫНГАЛЫЕВА,
Асель ҚОЖАТАЕВА,
«№42 орта мектебі» МКМ әлеуметтік педагогтері

ӨНЕГЕ

АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАДА ӨТКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Қазақ қоғамында үлкенді сыйлау – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық құндылық. Қарияның батасын алу, ақылын тыңдау, ұстазды құрметтеу халқымыздың тәрбиесінде ежелден орныққан дәстүр. Себебі аға буынның өмір жолы мен тәжірибесі кейінгі ұрпақ үшін үлкен мектеп болса, ұстаздың берген білімі мен тәрбиесі талай жастың болашағына бағыт береді.

Осы құндылықтарды дәріптеу мақсатында Іле аудандық кітапханасында 1 қазан – Халықаралық қарттар күні және Ұстаздар күніне орай «Даналық пен парасат иелері» атты кездесу кеші өтті. Руханият ордасында ұйымдастырылған басқосуға ауданның ардагерлері, ұстаздары, мәдениет саласының өкілдері, жастар мен кітапхана оқырмандары қатысты. Кештің негізгі мақсаты – үлкенге құрмет, кішіге ізет қағидатын насихаттап, аға буынның еңбек жолын кейінгі ұрпаққа үлгі ету және өмірлік тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндік жасау.



Жиынға Іле аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Рахымжан Бақытжан Көкенұлы, Іле аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы, Іле ауданының Құрметті азаматы Әмзе Әлдибекұлы Исаев, аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Мақсат Сейдалиев, кеңес төрағасының орынбасары Ғафуржан Сүйіндіков, аудандық Аналар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Іле ауданының Құрметті азаматы Мейрамкүл Түйебайқызы Жабиева, Алматы облыстық Тіл оқыту әдістемелік орталығының Іле аудандық филиалының басшысы Қарлығаш Оразайқызы Ақбасова, ардагерлер, ұстаздар, жастар және кітапхана қызметкерлері қатысты. Іс-шара барысында сөз алған Рахымжан Бақытжан Көкенұлы ардагерлер мен ұстаздардың қоғамдағы орнына тоқталып, олардың еңбегін атап өтті.

– Қарияларымыз – елдің өткені мен бүгінін жалғап тұрған алтын көпір. Ал ұстаздар – сол өнегені кейінгі ұрпаққа жеткізетін тұлғалар. Сіздердің өмір жолдарыңыз бен еңбектеріңіз кейінгі буын үшін әрдайым үлгі. Бүгінгі кездесудің маңызы да осында – үлкенге құрмет көрсетіп, олардың ақыл-кеңесі мен тәжірибесін жастарға жеткізу, – деді Бақытжан Көкенұлы. Басқосуда аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы, Іле ауданының Құрметті азаматы Әмзе Әлдибекұлы Исаев та сөз алып, қарияларды кейінгі буынға берер өнегесіне тоқталды. – Қария – елдің қазынасы. Біз көрген өмір жолы, еңбек тәжірибесі мен елге деген қызметіміз – кейінгі ұрпаққа аманат. Жастар үлкенді сыйлап, олардың ақылын тыңдап, өз өміріне қажет дүниені бойына сіңіре білсе, бұл – ұрпақтар сабақтастығының берік негізі, – деді Әмзе Әлдибекұлы.

Кездесу барысында аға буын өкілдері жастармен ашық әңгімелесіп, өмір жолынан сыр шертті. Жастар да өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, елге қызмет ету, еңбек, отбасы және адамдық қасиеттер жайында ой бөлісті. Мерекелік кеш ән мен күйге ұласты. Қараой ауылдық кітапханасының меңгерушісі А.Ж. Нұрбекова ән орындап, аудандық Ә.Нұрқожа атындағы ардагерлер халық ансамблі өнер көрсетті. Аға буын өкілдерінің сахнадағы өнері кешке ерекше көңіл күй сыйлады.

Кездесудің ұстаздарға арналған бөлігінде білім саласының ардагері Баян Тұралықызы сөз алып, ұстаздық жолы мен шәкірт тәрбиесі жөніндегі ойларын ортаға салды.

– Ұстаздық – жай ғана білім беру емес, бала жүрегіне жол табу, оның бойындағы қабілетін байқап, дұрыс бағыт көрсету. Ұстаздың әр айтқан сөзі мен берген тәрбиесі шәкірттің өмірінде із қалдырады. Сондықтан бұл мамандық үлкен жауапкершілікті, сабыр мен жүрек жылуын талап етеді. Өзімнің еңбек жолымда шәкірттерімнің жетістігін көрген сайын ұстаздық еңбектің қадірін тереңірек сезіндім, – деді Баян Тұралықызы.

Ардагер ұстаздың айтуынша, педагог еңбегінің нәтижесі бірден көрінбейді. Кеше ғана мектеп партасында отырған шәкірттің ертең қоғамның әр саласында өз орнын табуы – ұстаз үшін үлкен қуаныш. Кештің мазмұнын толықтырған бөлімдердің бірі – «Есімде бәрі есімде» атты сергіту ойыны. Қатысушылар арнайы әзірленген сұрақтар мен тапсырмаларды таңдап, өздерінің жастық шағы, еңбек жолы және есте қалған оқиғалары туралы естеліктерімен бөлісті.

Еркін форматтағы әңгіме барысында аға буын өкілдері өз бастарынан өткен қызықты оқиғаларды айтып, жастармен тәжірибе бөлісті. Бұл бөлім әр буын өкілінің бір-бірімен жақынырақ танысып, еркін пікір алмасуына мүмкіндік берді. Іс-шара аясында кітапхана қорындағы өлкетану бағытындағы әдебиеттер мен Іле өңірінен шыққан шығармашыл тұлғалардың еңбектерін насихаттауға да назар аударылды. Кітапхана төрінде ұйымдастырылған «ILE BOOK» кітап көрмесіне түрлі әдебиеттер қойылып, оқырмандарға ұсынылды.

Өлкетану әдебиеттері туған жердің тарихын, елге еңбегі сіңген тұлғалардың өмір жолын танып-білуге мүмкіндік береді. Осы арқылы кітап пен аға буынның әңгімесі өзара сабақтасып, кейінгі ұрпаққа рухани бағыт беретін екі арна тоғысты.

Кездесудің ерекшелігі – әртүрлі буын өкілдерінің бір ортада бас қосуында болды. Ардагерлер мен ұстаздар өмірлік тәжірибесімен бөліссе, жастар өздерін қызықтырған мәселелер бойынша пікір алмасты.

Осындай ашық форматтағы кездесулер ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтып, үлкеннің өнегесін кейінгі буынға жеткізуге мүмкіндік береді.

Кеш соңында қатысушыларға ізгі тілектер айтылып, қонақтарға алғыс білдірілді. Жылы әңгіме, әсем ән мен естелікке толы кездесу көпшілікке жақсы көңіл күй сыйлады.

Іле аудандық кітапханасында өткен «Даналық пен парасат иелері» атты кеш аға буынның өмір жолын кейінгі ұрпаққа таныстырып қана қоймай, үлкенді құрметтеу, ұстазды ардақтау, еңбекті бағалау сияқты құндылықтардың мәнін тағы бір мәрте көрсетті.

Уақыт өзгергенімен, ұрпақтар сабақтастығының өзегі өзгермейді. Қарияның өнегесі мен ұстаздың тағылымы – кейінгі буынға қалатын рухани мұра. Сондықтан осындай кездесулердің басты мәні – өткенді еске алумен ғана шектелмей, аға буыннан алған өнегені болашаққа жеткізу.

Д. БАҚЫТҚЫЗЫ

ҚАРТЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛДІҢ МЕРЕЙІ БИІК



Қарттар күні – үлкенге құрмет көрсетуге ғана емес, олардың өмір жолына тағы бір мәрте назар аударуға мүмкіндік беретін ерекше күн. Себебі бүгінгі аға буын – талай жыл елдің дамуына өз үлесін қосқан, отбасын тәрбиелеп, кейінгі ұрпаққа жол көрсеткен жандар.

Қарияның батасы – кейінгіге бағыт, ақылы – өмірлік сабақ. Сондықтан үлкендерді ардақтау, олардың өнегесін жастарға жеткізу – баршаға ортақ міндет. Өтеген батыр ауылында өткен мерекелік шара да осы құндылықтарды дәріптеп, аға буын мен кейінгі ұрпақты жақындастырған тағылымды кешке айналды.

Диана ҚАНАТ

мыздың дәстүрлі құндылықтары кеңінен дәріптелді. Жастар мен аға буын өкілдерінің басын қосқан кездесу ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, үлкенге деген құрметтің маңызын айқындай түсті. Осы орайда жиынға арнайы қатысқан Іле ауданының әкімі Қайыржан Серікбайұлы Жақсымбетов ауданның аға буын өкілдерін Халықаралық қарттар күнімен құттықтап, олардың қоғамдағы орны мен ел дамуына қосқан үлесіне тоқталды.

– Құрметті асыл қазыналар! Баршаңызды қазан айының алғашқы мерекесі – Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер – елдің өткені мен бүгінін жалғап тұрған алтын көпірсіздер. Бүгінгі бейбіт өміріміз бен қол жеткізген жетістіктеріміздің артында сіздердің маңдай терлеріңіз, еңбектеріңіз бен өмірлік тәжірибелеріңіз бар. Сіздердің әрбір ақыл-кеңестеріңіз кейінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға береке тілеймін. Әрдайым ұрпақтарыңыздың қуанышын көріп, елдің құрметіне бөленіп жүре беріңіздер! – деді аудан әкімі.

Аға буын өкілдері де өз кезегінде мұндай құрметтің көңілге жылу сыйлайтынын атап өтіп, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Мерекелік жиын концерттік бағдарламамен жалғасты. Сахнада қазақы ән мен әуезді әуен орындалып, көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Бағдарламада халық әндері мен қазақ эстрадасының таңдаулы туындылары шырқалды.

Кеш аясында Сабырхан Асановтың сөзіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Отырардағы той» әні орындалып, халықаралық фестивальдер лауреаты, қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Тұрғынәлі Дәуіт өнер көрсетті. Сондай-ақ халықтық «Сарытау» ән-би ансамблі, жетекшісі Тұрсын Смақов, Жәнібек Кәрменовтің сөзіне жазылған «Бабалар» әнін орындады.

Сахна төрінде қазақтың дәстүрлі өнері де кеңінен көрініс тапты. Халықаралық «Дала дауысы» телерадио байқауының лауреаты, қазақ дәстүрлі өнерінің жас жұлдызы Ақылбек Жанабай «Бабалар» әнін орындаса, халықаралық және республикалық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты «Сармат» би ансамблі көрерменге өз өнерін ұсынды.

Мерекелік кеште әнмен қатар, ардагерлерге арналған арнайы шығармалар да орындалды. Халық әні «Айқаракөз», Гүлнар Дәукенованың «Сағым жылдар» әні, «Ардагерлер гимні» сияқты туындылар кештің мазмұнын аша түсті.

Кеш барысында қазақтың халық әндерімен қатар, заманауи шығармалар да шырқалды.

Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі Жасұлан Түсіпбеков «Просто подари» әнін орындап, көрермен ықыласына бөленді. Ал Халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаты Хасира Зақанқызы «Ағамай» әнін орындады.

Өнерпаздардың орындауындағы әрбір әннің өзіндік орны болды. Бірі – өткенді еске салса, енді бірі – туған жерге, ата-анаға, елге деген сағынышты жеткізді. Ал ардагерлерге арналған әндер кештің негізгі идеясын айқындай түсті.

Шарада кино және театр актрисасы, Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі Дияс Төлепберген Шынәділ Мұқановтың әні мен сөзіне жазылған «Бауырларым» әнін орындады. Сонымен қатар Іле ауданының құрметті азаматы Ержан Исатайдың орындауындағы «Өрле, қазағым!» әні кештің көркін қыздырды.

Концерттік бағдарламаның соңында ардагерлерге арналған «Ардагерлерге алғыс» әні орындалды. Әннің авторы – Ахметбаева Қарлығаш Ұланқызы.

ТАНЫМ

РУХ ПЕН ТІЛДІҢ ЖАНАШЫРЫ



Екпінді ауылындағы Т. Айбергенов атындағы №48 орта мектепте тіл айлығы аясында «Тіл – ұлттың жаны, ақын – рухтың үні» атты ауданымыздың мәдени өмірінде айрықша із қалдырған тағылымды шара өтті. Қазақ поэзиясының тарланы, қоғам қайраткері, ұлт рухының айбары, тіл жанашыры Мұхтар Шахановты еске алуға арналған салтанатты кешке елімізге белгілі зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері, өнер саңлақтары және аудан ұстаздары мен оқушылары қатысты.

Мәдени шараның шымылдығы «Жас Алаш» мектеп домбырашылар тобының орындауындағы күмбірлеген «Адай» күйімен ашылды. Ұлы даланың еркіндігі мен екпінін сездірген күй орындалып жатқан сәтте сахна төріндегі жарық диодты Led экраннан «Ел», «Ұлт», «Рух», «Тіл» сынды қасиетті ұғымдардың жарықпен өрнектелуі кештің басты мұраты мен философиялық салмағын айқындап тұрғандай еді.

Еске алу кешіне Ақсай ауылдық округының әкімі Туреев Бақыт Қадырбекұлы, Іле аудандық Білім бөлімінің әдіскері Молдагулова Ақмарал Құрманжанқызы, Мұхтар Шахановтың досы, ақын Төлеген Айбергеновтың қызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айбергенова Салтанат Төлегенқызы, қоғам қайраткері, белсенді және бірнеше қоғамдық ұйымдардың өкілі Нұржан Ошанбеков, белгілі қазақ ақыны, әдебиетші, филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты және Қазақстанның Мәдениет қайраткері, ҚР Жазушылар Одағының Поэзия кеңесінің төрағасы Әділғазы Сыдықұлы Қайырбеков, Төлеген Айбергенов шәкірті, Мұхтар Шахановтың шығармашылығының аманатын алып отырған ел ағасы Үсеров Құрбанбай, жеке кәсіпкер, Мұхтар Шаханов пен Төлеген Айбергенов шығармаларының жанкүйері Қуатбек Хибадуллаұлы, М. Шахановтың көмекшісі, тарихшы Берік Ағыбай, ұзақ жылдар бойы ақын Мұхтар Шахановтың орынбасары қызметін атқарған танымал жазушы, ақын, публицист және республикалық әдеби-көркем «Жалын» журналының бас редакторы Құдияр Біләл, белгілі ақын, Мұхтар Шахановтың көпжылдық сенімді серігі, оның шығармашылық жұмыстарына қолдау көрсеткен жақын адамы және «Жалын» журналының әдеби қызметкері Сауле Ахметова, заңгер, экономист және қоғам қайраткері Әділ Несіпбаев, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының белгілі әншісі, жыршы және термеші, Мәдениет саласының үздігі Аманқос Садықов, аудандық «Жаңа толқын» ұстаздар қауымдастығының мүшелері, аудан ұстаздары қатысып, өрелі ойларын ортаға салды.

Әдеби кешті Іле аудандық білім бөлімінің әдіскері Молдагулова Ақмарал Құрманжанқызы ашып, ана тіліміздің мәртебесін көтеруде Мұхтар Шаханов шығармашылығы өскелең ұрпақ үшін адамгершілік мектебі екенін ерекше атап өтті. М. Шахановтың қазақ тілін дамытуда, ана тіліміздің өз тұғырынан түспей, мемлекеттік тіл ретінде қанат жаюына қосқан үлесін, оның ақындық қуаты мен суреткерлік болмысы туралы тебірене ой қозғады.

Аудандық Білім бөлімі әдіскерінен кейін сөз алған Ақсай ауылдық округінің әкімі Туреев Бақыт Қадырбекұлы «Бүгін біздің ауылдық округімізде үлкен де тағылымды шара өтіп жатыр. Қазақ поэзиясының алыбы, ұлттық рухтың символы, халқымыздың біртуар перзенті Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналған бұл кеш – біз үшін үлкен мәртебе» - дей келе, Мұхтар Шаханов – тек ақын емес, ол – ұлттың намысын жыртқан, Желтоқсанның шындығын шырылдап қорғаған, ана тіліміздің мәртебесін асқақтатқан қайраткер тұлға екенін айтып, оның әрбір өлеңі мен поэмасы, «Отырар» трагедиясынан бастап, махаббат пен достық ән-жырларына дейін өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін тілге тиек етті.

Сондай-ақ, жас дарындар мен мәдени бастамалардың тұрақты қолдаушысы, белгілі жеке кәсіпкер Қуатбек Хибадуллаұлы да сөз алып, ақындар аманатын ұлықтау – бүгінгі буынның қасиетті борышы екеніне тоқталды.

Мұхтар Шаханов – тек жалынды жырлардың авторы ғана емес, ұлт тағдыры сынға түскен сәттерде басын бәйгеге тіккен бірегей күрескер. Кеш барысында ақынның Кеңес үкіметі тұсында 62 жыл бойы тыйым салынған әз-Наурыз мерекесін халқына қайта қайтарудағы ерен еңбегі, Арал мен Балқаш қасіретін халықаралық деңгейге шығару жолындағы қоғамдық комитет жұмыстары жан-жақты сөз болды.

Әсіресе, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының шындығын ашуға, жазықсыз жапа шеккен ұл-қыздарымызды ақтауға және оқиғаға әділ саяси баға бергізуге өлшеусіз үлес қосқан ақынның ерлігі туралы естеліктер залды ерекше тебіренті. Дәл осы тарихи сәттердің куәгері, ақынмен заманның қиын-қыстау кезеңдерінде иық тіресе жүріп, ұлт мүддесін қорғаған сырлас бауыры, «Жалын» журналының бас редакторы Құдияр Біләл Шахановтың қайталанбас болмысы мен азаматтық ерлігінен ғибратты естеліктер бөлісті.

Сондай-ақ, «Жалын» журналының әдеби қызметкері Сауле Ахметова, заңгер, экономист және қоғам қайраткері Әділ Несіпбаев та Мұхтар Шаханов туралы өз ойлары мен тағылымды өмір жолы жайлы жан-жақты ақпарат берді.



Қазақ поэзиясының қос алыбы – Төлеген Айбергенов пен Мұхтар Шахановтың арасындағы шынайы, сыршыл достық та кештің басты тақырыптарының біріне айналды. Ақындар достығы мен олардың шығармашылық аманаты туралы Төлеген Айбергеновтің шәкірті, ел ағасы Үсеров Құрбанбай тебірене сыр шертті.

Кеш қонақтары Іле ауданында Төлеген Айбергенов мектебімен қатар аудан мектептерінің біріне Мұхтар Шахановтың атын берсе, ақын рухы шат болып, екі достың рухы қайта табысар еді деген ой қозғады. расында, Ақсай ауылдық округіне қарасты Шабыт ауылындағы №55 орта мектепке Мұхтар Шахановтың аты берілсе, өмірде жұбын жазбаған екі дос бір округтің қос мектебін иеленер еді.

Кештің ең тебіреністі әрі жарқын сәті – қазақтың біртуар ақыны Төлеген Айбергеновтің қызы, белгілі әдебиеттанушы ғалым Салтанат Төлегенқызы Айбергенованың сөйлеген сөзі болды. Салтанат ханым Мұхтар Шаханов пен Төлеген Айбергенов арасындағы, сондай-ақ Шәмші Қалдаяқовпен өрілген ұлы достық пен рухани сабақтастық туралы құнды естеліктерімен бөлісті. Салтанат Төлегенқызы өз сөзінде «Бүгін біз үлкен бір тағылымды кеште бас қосып отырмыз. Қазақ руханиятының алыбы, ұлттық рухымыздың алдаспаны Мұхтар Шаханов ағамызды еске алу – баршамыз үшін үлкен парыз әрі мәртебе.

Мен бұл сахнаға тек әдебиет зерттеушісі ретінде емес, Мұхтар ағаның ең жақын, ең қимас досы болған Төлеген Айбергеновтің қызы ретінде толқи отырып шығып тұрмын. Менің әкем Төлеген мен Мұхтар ағаның, сондай-ақ Шәмші Қалдаяқовтың арасындағы достық – қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихындағы ең таза, ең мөлдір, аңызға бергісіз ұлы достық еді.

Әкем өмірден ерте өткенде, Мұхтар ағамыз бауырынан айырылғандай күңіренді. Ол кісінің әкеме арнап жазған «Айбергенов шыңы» атты атақты поэмасы – достыққа қойылған мәңгілік ескерткіш. Мұхтар аға әрқашан: «Төлеген – қазақ поэзиясына найзағайдай жарқ етіп келіп, өшпес із қалдырған бірегей тұлға», – деп әкемнің аманатын арқалап, біздің отбасымызға да әрдайым қамқор болып жүретін. Ол кісінің бойындағы қайсарлық, шындыққа тура қарайтын өжеттік пен ешкімге басы иілмейтін асқақ рух – біздің ұлттық мақтанышымыз» - деп, мектеп қабырғасында жас өрендердің Мұхтар ағаның жалынды жырларын оқып, рухтанғанын көріп, жүрегі ерекше тебіренгенін айта келіп, ауылдық округ әкімі Бақыт Қадырбекұлы бастаған азаматтарға, Білім бөліміне және осы кешті ұйымдастырған барша ұстаздар қауымына отбасымен әдебиет жанашырларының атынан шексіз алғысын білдірді.

Кештің ең жауапты әрі маңызды сәті – Мұхтар Шахановтың әйгілі поэмасының желісімен сахналанған «Танакөз» поэтикалық драмасының қойылымы болды. Бұл туындыны жаңадан құрылған мектепішілік «Aq-Jayiq» мектеп театрының жас өнерпаздары жоғары сахналық шеберлікпен орындап шықты.

Көрерменнің көзіне жас алдырған сәтті қойылымнан кейін сахнаға театр жетекшісі қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері бірлестігінің жас маманы Салим Аяужан Ерланқызы шақырылып, Білім бөлімінің әдіскері Молдагулова Ақмарал Құрманжанқызы мен Мұхтар Шахановтың шығармашылығының аманатын алып отырған ел ағасы Үсеров Құрбанбай театрдың тұсауын кесіп, театр шымылдығының ресми түрде түрілгені жарияланды. Театрдың ашылуында сөз сөйлеген Үсеров Құрбанбай Мұхтар Шахановтың әр туындысынан бір көрініс қоюға болатынын, жастарды рухты етіп тәрбиелеуде ақын шығармалары үлкен үлес қосатынына тоқталып, жас маманның қадамына ақжол тілеп, өнер жолының сәтті болуын тіледі. Ал Ақмарал Құрманжанқызы №48 орта мектепте ашылған «Aq-Jayiq» мектеп театры ауданымыздағы жетінші мектеп театры екенін тілге тиек етіп, аудан мектептерінде мектеп театрлары көбейіп жатқаны қуантатынын, жас ұрпақты тәрбиелеудегі мектеп театрының үлесі зор екенін айтты.

Шығармалары әлемнің 50-ден астам тіліне аударылған Мұхтар Шахановтың ғибратты ғұмыры – өскелең ұрпақ үшін отансүйгіштіктің нағыз үлгісі. Ұлт үшін еңбек ету – тек үлкен мінберлерде сөз сөйлеу емес, ол – өз тіліңді құрметтеу, салт-дәстүріңді сақтау, тарихыңды білу және ел болашағына жауапкершілікпен қарау. Іле ауданында өткен бұл тағылымды кеш жас буынның жүрегінде ана тіліне деген мақтаныш сезімін ұялатып, өшпес із қалдырды.

А. ЕРЖАНОВ

ЕНПФ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

ОТ КЛАССИЧЕСКОГО ПЕНСИОННОГО АННУИТЕТА - К НОВЫМ ВОЗМОЖНОСТЯМ

17 сентября 2026 года в г. Алматы прошел Kazakhstan Insurance Forum 2026, объединивший представителей страхового, финансового и пенсионного рынка для обсуждения актуальных вопросов развития отрасли. В рамках форума состоялась панельная дискуссия «Жизнь не по плану: почему мы боимся страховать будущее?», участники которой обсудили вопросы развития страхования жизни, долгосрочного финансового планирования и новых возможностей для граждан в обеспечении будущего дохода.

Дискуссию модерировал эксперт страхового рынка, основатель Centras Group Ельдар Абдразаков. В обсуждении приняли участие председатель Правления АО «ЕНПФ» Жанат Курманов, председатель Правления KASE Адиль Мухамеджанов, председатель Правления АО «КСЖ «ВСС Life» Гульжан Джаксымбетова, вице-президент Банка ЦентрКредит Анастасия Овсянникова, председатель Правления АО «Халык-Life» Гаухар Бурибаева и основатель исламской финтех-компании AJR Finance Ltd Мурат Кылышбай.

Одной из тем дискуссии стало развитие пенсионного аннуитета как одного из инструментов пенсионного обеспечения граждан. О перспективах этого направления рассказал Председатель Правления АО «ЕНПФ» Жанат Курманов. Он отметил, что страховой рынок Казахстана демонстрирует высокие темпы роста и обладает значительным потенциалом дальнейшего развития. Вместе с тем, по его мнению, масштабы страховой индустрии пока не в полной мере соответствуют динамике развития экономики.

«Одним из направлений, способствующих развитию страхования жизни, становится рынок пенсионных аннуитетов. Возможность использовать пенсионные накопления для приобретения пенсионного аннуитета изначально была заложена в пенсионной системе как один из вариантов обеспечения гражданина доходом в пенсионном возрасте. Сегодня казахстанцы, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, могут выбрать различные способы их получения: выплаты по графику из ЕНПФ до исчерпания средств, пожизненные выплаты через страховую компанию либо сочетание этих вариантов.

Рынок страхования жизни во многом интегрирован с инвестиционным рынком. Помимо классических продуктов (немедленный, отложенный и совместный пенсионные аннуитеты) появляются новые возможности, связанные с инвестиционной составляющей. Это закономерно, поскольку страхование жизни во всем мире тесно связано с инвестиционным рынком, а страховые компании выступают крупными институциональными инвесторами.

Поэтому важно, чтобы пенсионный аннуитет воспринимался не по принципу «купил и забыл». Гражданам важно понимать, какие дополнительные преимущества предоставляет этот финансовый инструмент, в том числе с точки зрения долгосрочного финансового планирования и инвестиционной составляющей. Дальнейшее развитие рынка может привести к появлению новых, в том числе гибридных продуктов, которые будут сочетать страховую защиту, регулярные дивиденды и инвестиционные возможности», - прокомментировал Жанат Курманов.

Жанат Курманов также подчеркнул необходимость дальнейшего формирования у населения культуры долгосрочного финансового планирования. Особенно актуальным это становится для молодежи, которая, как отмечалось в ходе дискуссии, зачастую ориентируется преимущественно на краткосрочные финансовые цели.

Какие виды пенсионных аннуитетов доступны казахстанцам

Напомним, что пенсионный аннуитет - это договор между гражданином и компанией по страхованию жизни, по которому страховая компания обязуется выплачивать ежемесячную пенсию пожизненно или до определенного возраста. На рынке страхования жизни Казахстана представлены различные виды пенсионных аннуитетов.

Немедленный пенсионный аннуитет предусматривает начало выплат после заключения договора в соответствии с его условиями.

Отложенный пенсионный аннуитет предполагает, что выплаты начинаются через определенный период, установленный договором. В период отсрочки средства могут инвестироваться в соответствии с условиями договора, что влияет на размер будущих выплат.

Совместный (супружеский) пенсионный аннуитет позволяет объединить пенсионные накопления двух лиц для получения пожизненных выплат в соответствии с условиями договора. После смерти одного из участников выплаты продолжаются в пользу второго.

Таким образом, развитие пенсионного аннуитетного рынка расширяет возможности граждан по формированию долгосрочного пенсионного дохода и предоставляет дополнительные варианты распоряжения пенсионными накоплениями. При этом выбор между получением пенсионных выплат из ЕНПФ и приобретением пенсионного аннуитета является индивидуальным финансовым решением гражданина, которое зависит от его жизненной ситуации, размера накоплений и целей пенсионного планирования.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).



ОБЪЕМ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ КАЗАХСТАНЦЕВ НА 01.09.2026 Г. ПРЕВЫСИЛ 28,47 ТРЛН ТЕҢГЕ

Объем пенсионных накоплений казахстанцев на 01.09.2026 г. превысил 28,47 трлн теңге, показав рост за 12 месяцев на 3,36 трлн теңге (или на 13,4%).

Пенсионные накопления за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) на 1 сентября 2026 года 26,37 трлн теңге, увеличившись за 12 месяцев на 2,53 трлн теңге или 10,6%.

Сумма пенсионных накоплений за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) составила 746,13 млрд теңге, показав рост за 12 месяцев на 5,0%.

Продолжился рост накоплений, сформированных за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ). На 1 сентября 2026 года их объем составил 10,43 млрд теңге, увеличившись за 12 месяцев на 7,1%.

Сумма пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), поступающих с 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей), на 1 сентября 2026 года составила 1 348,82 млрд теңге, увеличившись за 12 месяцев почти в 2,5 раза.

ПОСТУПЛЕНИЯ

Общий объем накоплений обеспечивается за счет пенсионных взносов и инвестиционного дохода. За 8 месяцев 2026 года на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков поступило 2 439,42 млрд теңге взносов, что на 15,9 % (или на 334,44 млрд теңге) больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

На индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала 2026 года на 1 сентября 2026 г. поступило 1 865,85 млрд теңге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 8,1 %), ОППВ – 100,97 млрд теңге (рост на 12,3%), ДПВ – 1412,37 млн теңге. Взносы за счет ОПВР с начала года на 01.09.2026 г. составили 471,18 млрд теңге.

Чистый инвестиционный доход, поступивший на счета вкладчиков с начала года, по состоянию на 01.09.2026 года составил 1198,09 млрд теңге.

ВЫПЛАТЫ И ПЕРЕВОДЫ

Выплаты по всем видам взносов и переводы в страховые организации из ЕНПФ за январь-август 2026 года достигли 1242,35 млрд теңге.

Объём выплат по возрасту составил 196,23 млрд теңге. Размер средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста – 39 008 теңге.

Единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение с начала 2026 года на 01.09.2026 г. составили 462,75 млрд теңге, выплаты по наследству – 70,61 млрд теңге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 33,62 млрд теңге, выплаты лицам с инвалидностью – 2,32 млрд теңге, выплаты на погребение – 6,33 млрд теңге. В страховые организации переведена сумма в размере 470,49 млрд теңге.

КОЛИЧЕСТВО ИПС

Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 сентября 2026 года составило 19,01 млн единиц (рост за 12 месяцев - 1,13 млн единиц или 6,3%). При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 сентября 2026 г. - 12,87 млн единиц, из них: 11,42 млн - по ОПВ, 794,38 тыс. - по ОППВ, 464,91 тыс. - по ДПВ. Отметим, что в общее количество счетов по учету ОПВ (11,42 млн единиц) также входят счета получателей, выехавших на ПМЖ за пределы страны, но не обратившихся за накоплениями, умерших вкладчиков, чьи наследники не оформили наследование пенсионных накоплений, военнослужащих, переведенных с 2016 года на полное государственное пенсионное обеспечение, и других категорий вкладчиков (получателей), на счета которых в соответствии с казахстанским законодательством взносы не должны поступать.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР, составило 6,14 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам размещена на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика».

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

СЭББ ХАБАРЛАЙДЫ



Электромагниттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасының өзектілігі антропогендік сәулелену көздері тудыратын электромагниттік өрістердің (ЭМӨ) әсеріне байланысты халықтың денсаулығына елеулі түрде артқан қауіппен айқындалады. Адам қоныстану аумақтарында, өндірістік жағдайларда, тұрғын, әкімшілік, кеңселік үй-жайларда, білім беру және емдеу-профилактикалық мекемелерде электромагниттік өрістің әсеріне ұшырайды.

Электромагниттік толқындар адам ағзасындағы қолайсыз өзгерістерге:

– орталық жүйке-жүйесінің бұзылуына;

– жүрек-қан тамырлары жүйесінің бұзылуына;

– қанның морфологиялық құрамының бұзылуына әкеп соғады.

ЭМӨ қауіпті әсерін болдырмау үшін қандай электр құрылғыларын қолдануды және үйіңізде оларды қалай орналастыруды ойластырсаңыз жеткілікті:

– электр құрылғыларын бір жерде топтастырмау, оларды бір-бірінің ЭМӨ-сін күшейтпейтіндей етіп орналастыру;

– электр құрылғыларын асхана, жұмыс үстелі, ұйықтау және демалыс орындарына жақын орналастырмау;

– балалар бөлмесін ЭМӨ-ге мұқият тексеру, бөлмеде радиомен басқарылатын немесе электрлі ойыншықтардың, планшеттің, смартфонның, ноутбуктың тұрақты түрде болуына жол бермеу;

– электр құрылғыларын бәрін бір уақытта емес, кезекпен қосу: ұялы телефон, компьютер, микротолқынды пеш, теледидар әртүрлі уақытта қосылуы тиіс;

Осындай алдын алу шаралары арқылы денсаулығыңызды сақтаңыз!

М. ЕНСЕБАЕВА,
Іле аудандық-санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысының орынбасары

ӨНДІРІСТІК ШАҢНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАР АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

Өндірістік шаң - кәсіби зияндылықтың ең көп таралған қолайсыз факторларының бірі. Шаң өндірістердің басым көпшілігінде кездеседі, мұнда әртүрлі технологиялық процестер мен операциялар жұмысшылардың үлкен контингенттеріне әсер ету аймағында шаңның пайда болуымен және бөлінуімен бірге жүреді.



Өндірістік шаң - бұл ауада қалқып тұратын, баяу шөгетін қатты бөлшектер, олардың мөлшері бірнеше ондағаннан мкм-ге дейін болады. Өнеркәсіпте, көлікте, ауыл шаруашылығындағы көптеген технологиялық процестер мен операциялар осы салалардағы жұмысшылардың үлкен контингенттері әсер етуі мүмкін шаңның пайда болуымен және бөлінуімен бірге жүреді.

Сонымен қатар, шаңның теріге әсері негізінен механикалық тітіркенуге дейін апарады. Мұндай тітіркенудің салдарынан аздап қышыну пайда болады, ал сызаттармен терінің қызаруы және ісінуі пайда болуы мүмкін, бұл қабыну процесін көрсетеді.

Шаң түйіршіктері тер мен май бездерінің тесіктеріне еніп, олардың бітеп, осылайша олардың жұмысын қиындатады. Бұл терінің құрғауына әкеледі, кейде бөртпелер пайда болады.

Көзге түскен шаң олардың шырышты қабаттарының қабыну процесін – конъюнктивит тудырады, ол қызару, ісіну және іріңденумен көрінеді.

Уытты шаңдар тыныс алу органдарының терең жерлеріне, яғни өкпеге енген кезде үлкен қауіп төндіреді, онда ұзақ уақыт ұсталып, өкпе тінімен жанасу беті тармақталған болса, олар көп мөлшерде тез сіңіп, тітіркендіргіш және жалпы уытты әсер етіп, ағзаның улануына әкеледі.

Шаңмен және оның ағзаға әсерімен күресудің барлық шаралары келесі бағыттар бойынша жүргізілуі керек:

– шаңның пайда болуын толығымен жоятын технологиялық процестің түбегейлі рационализациясы;

– жабдық, аппаратура, элеваторларды және т. б. максималды шаңдануын болдырмау;

– өндірістік процестерді механикаландыру және автоматтандыру;

– желдетудің әртүрлі әдістерін қолдану: табиғи және механикалық, жалпы алмасу және жергілікті, жеткізу және шығару, технологиялық процеске байланысты біріктірілген;

– ауада шаң бөлінетін процестерді басқа жұмыстардың учаскелерінен оқшаулау;

– үй-жайларды ылғалды тәсілмен мұқият, жүйелі тазалау;

– жұмысшыларды арнайы киім, респираторлар, өнеркәсіптік газқағарлар, көзілдіріктермен жабдықтау. Жеке шаңнан қорғау құралдарына қорғаныс пасталары мен майлар да кіреді;

– жұмыс істейтіндерді - санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар кешендерімен қамтамасыз ету;

– ерекше жұмыс және демалыс режимін белгілеу (қысқартылған жұмыс күні, қосымша демалыс және т.б.);

– қауіпсіз жұмыс әдістерін санитариялық-техникалық насихаттау және оқыту.

ҚҰС ЕТІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР МЕН ТАҢБАЛАУ

Құс еті мен оны қайта өңдеу өнімдері Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентіне сәйкес қатаң қауіпсіздік, сапа және таңбалау талаптарына сай болуы тиіс.

Таңбалауға қойылатын негізгі талаптар

Өнімнің затбелгісінде (этикеткасында) келесі міндетті мәліметтер көрсетілуі қажет:

– Өндіруші туралы мәліметтер: Өндірушінің атауы, орналасқан мекенжайы.

– Өнімнің атауы: Құс етінің түрі (мысалы, тауық, күркетауық, үйрек) және категориясы.

– Күні мен мерзімі: Дайындалған күні және жарамдылық мерзімі.

– сақтау ережелері.

– Тағамдық құндылығы: Тағамдық және энергетикалық құндылығы (калориялығы).

– Қаптамасы: Салқындатылған құс етін арнайы полимерлі пакеттерге немесе полимерлі науаларға оралуы тиіс

Сапа мен қауіпсіздік талаптары

– Сыртқы түрі: Сапалы құс етінің түсі табиғи, ақшыл немесе сәл қызғылт болуы керек. Беті тегіс, жабысқақ емес және шырынды келеді.

– Ылғал мөлшері: Техникалық регламент талаптарына сай, етті еріткеннен кейінгі ашық ылғал мөлшері 4%-дан аспауы тиіс.

– Қауіпсіздік: Құс сою өнімдерінде ветеринариялық дәрілік заттардың қалдық мөлшері қатаң шектеулерден аспауы және ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өтуі қажет.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 110 шешімімен Еуразиялық экономикалық одақтың «Құс еті мен оны қайта өңдеу өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентеріне сәйкес:

– сойылған құс өнімдерінде гормоналды және гормонға ұқсас заттардың қалдықтарының болуына жол берілмейді (21-тармақтың екінші абзацы);

– салқындатылған құс еті, құс етінен жасалған жартылай фабрикаттарды сақтау кезінде бөлінген ылғалдың массалық үлесі 4 пайыздан аспауы тиіс (57-тармақтың екінші абзацы);

– осы стандарттар бойынша шығарылатын өнімді қоспағанда, мемлекетаралық (өңірлік) стандарттарда белгіленген құс етінен жасалған өнімнің ойлап табылған атауларымен бірдей немесе ұқсас ойлап табылған атауларды пайдалана отырып, құс етінен жасалған өнімді таңбалауға жол берілмейді (104-тармақтың «в» тармақшасының екінші абзацы).

Бұл техникалық регламент Одақ елдерінде шығарылатын құс етіне және оны қайта өңдеу өнімдеріне және оларды өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне қойылатын міндетті талаптарды, сондай-ақ таңбалауға, буып-түюге және сәйкестікті бағалау рәсіміне белгілейді.

Осы Техникалық регламенттің талаптары:

а) азаматтар үйде өндіретін, тек жеке тұтынуға арналған және Кеден Одағының аумағында сатуға арналмаған құс етімен оның қайта өңделген өнімі;

б) мамандандырылған тамақ өнімдері (сойылған құс өнімдерін және оларды балалар тамағы үшін қайта өңдеу өнімдерін қоспағанда);

в) рецептураға сәйкес сойылған өнімдер мен ет өнімдерінің массасы жиынтығында сойылған құс өнімдері мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің массасынан 50 пайызды құрайтын немесе одан асатын тамақ өнімдері;

г) азық-түлік қоспалары және тағамға биологиялық белсенді қоспалар, дәрілік заттар, жемшөп, сойылған құс өнімдері мен оларды қайта өңдеу өнімдері пайдаланыла отырып немесе негізінде дайындалған азық-түлік мақсаттарына арналмаған өнімдер;

д) тамақтандыру (қоғамдық тамақтандыру) кәсіпорындарының сойылған құс өнімдерін және оларды қайта өңдеу өнімдерін пайдалана отырып немесе олардың негізінде дайындалған, қызмет көрсету кезінде сатуға арналған тамақ өнімдері, сондай-ақ осындай өнімді өткізу процестері;

е) құс етінен алынған ингредиенттердің құрамы рецептураға сәйкес 5 пайыздан аз болатын тамақ өнімдері қолданылмайды.

Кеден Одағының аумағында айналымға шығару алдында сәйкестікті бағалау үш нысанда жүргізілетін болады:

– ветеринариялық-санитариялық сараптама – сойылған құс өнімдері үшін (оның ішінде балалар тағамына арналған сойылған құс өнімдері);

– мемлекеттік тіркеу – балалар тағамы мен жаңа түрдегі тамақ өнімдеріне арналған құс етінен жасалған өнімдер үшін;

– сәйкестікті декларациялау – құс етінен жасалған өнімдер үшін (жоғарыда көрсетілген өнімдерден басқа).

Техникалық регламенттің толық нұсқасымен сіз «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде таныса аласыз.

М. САГАДИЕВ,
Іле аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысы



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ: БЕДЕЛДЕН – СЕНІМГЕ, ЖАСТЫҚТАН – КӘСІБИЛІККЕ

Мемлекеттік қызметтің беделін арттыру және жастарды мемлекеттік қызметке тарту – бүгінгі күннің ғана емес, мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуын айқындайтын стратегиялық міндет. Өйткені мемлекеттік аппараттың сапасы, ең алдымен, онда қызмет ететін адамдардың кәсібилігіне, жауапкершілігіне және азаматқа деген көзқарасына байланысты.

Мемлекеттік қызметтің болашағы жастармен тікелей байланысты. Себебі бүгінгі жас маман – ертеңгі бас маман, бөлім басшысы, басқарма басшысы немесе мемлекеттік органның басшысы.

Жастарды мемлекеттік қызметке тарту мәселесінде бір ғана тәсіл жеткіліксіз.

Осыған орай, Алматы облысы Әділет департаментінде «Мемлекеттік қызметтің беделін арттыру және жастарды мемлекеттік қызметке тарту» тақырыбында ашық есік күні өткізілді. Іс-шараға Қонаев қаласының көпсалалы колледжінің студенттері шақырылып, мемлекеттік қызметтің ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік алды. Ашық есік күнінің негізгі мақсаты – жастар арасында мемлекеттік қызметтің беделін арттыру, олардың мемлекеттік қызметке деген қызығушылығын ояту, сондай-ақ өскелең ұрпаққа мемлекеттік қызметшінің міндеттері мен жауапкершілігін түсіндіру.

Алматы облысы Әділет департаменті алдағы уақытта да жастармен осындай кездесулер өткізіп, олардың мемлекеттік қызметке деген қызығушылығын арттыруға және білікті жас мамандарды мемлекеттік қызметке тартуға бағытталған жұмыстарды жалғастырады.

Алматы облысы
Әділет департаментінің
Әкімшілік бөлімі

ВАНДАЛИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ: ОРТАҚ МҮЛІККЕ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоғамдық орындар мен абаттандырылған аумақтар – елдімекеннің көркі ғана емес, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыратын маңызды нысандар. Балалар ойын алаңдары, орындықтар, қоқыс жәшіктері, аялдамалар және басқа да инфрақұрылым нысандары халықтың игілігі үшін жасалады. Сондықтан олардың сақталуы мен ұқыпты пайдаланылуы – баршаға ортақ міндет.



Алайда қоғамдық мүлікті бұлдіру, сындыру немесе қасақана зақымдау фактілері әлі де кездеседі. Мұндай әрекеттер вандализм ретінде бағаланып, елді мекендердің абаттандырылуына кері әсерін тигізеді.

Вандализм салдарынан ең алдымен тұрғындар үшін жасалған қолайлы жағдай бұзылады. Мысалы, бүлінген балалар алаңы немесе жарамсыз күйге түскен орындықты қайта қалпына келтіруге қосымша қаражат пен уақыт қажет. Ал бұл қаражат ауданның басқа да маңызды қажеттіліктеріне жұмсалуы мүмкін.

Іле ауданында елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту, қоғамдық орындарды абаттандыру және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстардың нәтижесін сақтау тек жауапты мекемелердің ғана емес, әрбір тұрғынның белсенділігі мен жауапкершілігіне байланысты.

Қоғамдық мүлік – белгілі бір мекеменің немесе жеке адамның емес, барша тұрғындардың ортақ игілігі. Оны бүлдіру арқылы біз өзімізге ортақ мүлікке зиян келтіреміз.

Осыған байланысты Іле ауданының тұрғындарын қоғамдық орындарға ұқыпты қарауға, абаттандыру нысандарын сақтауға және қоршаған ортаның тазалығы мен көркеюіне үлес қосуға шақырамыз.

Вандализм фактісіне куә болған жағдайда, бейжай қалмай, тиісті қызметтерге хабарлау маңызды. Бұл қоғамдық тәртіпті сақтауға және ортақ мүлікті қорғауға мүмкіндік береді.

Тәртіп пен тазалық – қоғамның мәдениетінің көрінісі. Ал туған жерге деген құрмет өзіміз тұратын аумақты таза ұстап, ортақ игілікке жауапкершілікпен қараудан басталады.

Іле ауданының көркеюі – баршамызға ортақ іс. Ортақ мүлікті бірге қорғайық!

Іле ауданының әкімдігі



Порядок расчета авансовых платежей по КПН:

авансовые платежи за 1 квартал исчисляются (начисляются) налоговыми органами и уплачиваются ежемесячно в размере 1/12 от общей суммы в расчетах сумм авансовых платежей за предыдущий налоговый период, включая дополнительные расчеты (ранее расчет «до сдачи Декларации» выполнялся налогоплательщиком, техника расчета была иной: рассчитывалась сумма за квартал, которая затем распределялась на месяцы квартала);

авансовые платежи после декларации исчисляются в размере 1/12 от суммы КПН, исчисленного за предыдущий налоговый период. В целях исчисления авансовых платежей в сумму корпоративного подоходного налога, исчисленного за предыдущий налоговый период, не включается сумма корпоративного подоходного налога, исчисленная с суммарной прибыли контролируемых иностранных компаний или постоянных учреждений контролируемых иностранных компаний.

Освобождение от уплаты авансовых платежей при размере СГД до 600 000 МРП (ранее 325 000 МРП) с учетом корректировок за налоговый период; недропользователи, осуществляющие разработку газовых проектов на суше, не уплачивают авансовые платежи; налогоплательщики, осуществляющие деятельность в сфере цифровых активов, уплачивают авансовые платежи по КПН.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ 3-ЖЭО өндірістік департаментінің Кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдарына қатысты Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы бойынша жария талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 9 қазаннан бастап 20 жұмыс күні ішінде, Қазақстан Республикасының қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде өтеді, https://ndbecology.gov.kz.

Жобаны әзірлеуші: «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС, заңды мекенжайы: Павлодар қ., Торайғыров көшесі, 68/2, БСН 991240015834, байланыстағы тұлға: Чигина Татьяна, e-mail: too.si@mail.ru, тел.: 8 701 758 76 46.

Бастамашы: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ, Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Зоя Арзюкова, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 2540-327, 2540-473.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен Қазақстан Республикасының қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/activities/directions?lang=ru, «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Алматинские электрические станции» объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по Программе повышения экологической эффективности к материалам заявки на получение Комплексного экологического разрешения для производственного департамента АО «АлЭС» ТЭЦ-3.

Общественные обсуждения проводятся в разделе Общественные слушания в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов Республики Казахстан https://ndbecology.gov.kz с 09 октября 2026 года, в течении 20 рабочих дней.

Разработчик проекта: ТОО «СТРОЙИНДУСТРИЯ», юридический адрес: г. Павлодар, улица Торайгырова, 68/2, БИН 991240015834, контактное лицо: Чигина Татьяна, e-mail: too.si@mail.ru, тел.: 8 701 758 76 46.

Инициатор: АО «АлЭС», юридический адрес: г. Алматы, проспект Достык, 7, БИН 060640001713, контактное лицо: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 2540-327, 2540-473.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться в разделе Общественные слушания в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов Республики Казахстан и на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/activities/directions?lang=ru, в разделе «Публичные обсуждения».

НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью **Ахметовой Гульнар Кенесовны,** умершей 31. 08. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. А. Маметалиевой по адресу: Алматинская обл. Илийский р/н, с. Ащибулак.

***

В связи со смертью **Козловой Надежды Капитоновны,** умершей 16. 09. 2018 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ф. Т. Касымову по адресу: п. Боралдай, ул. Бостанова, №27 «А».

УТЕРЯ

Филиал Илийского района общественного объединения инвалидов **«Мейірім»,** БИН 160241005609, местонахождение: Алматинская область, Илийский район, Байсеркенский с/о, село Байсерке, ул. Ермек Серкебаева, дом 22, кв. 2 объявляет о своей ликвидации.

Меншік иесі: «Ile tany» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

Директор-бас редактор - РЫМЖАНОВ БАҚТИЯР ТАЛҒАТҰЛЫ

Біздің мекенжайымыз: 040700, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №24, 1-қабат. Телефон: 304-55-66, 8 747 070 14 49. e-mail: ile-tany@mail.ru эл. мекенжайымыз: www.ile-tany.kz

Газет қазақ, орыс тілінде аптасына 1 рет жұма күні шығады.

ИНДЕКСІ: 66143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ 2023 ЖЫЛДЫҢ 24 АҚПАНЫНДА ТІРКЕЛІП, №KZ30VPY00065449 КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Газет «Принт плюс» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С. Сейфуллин көшесі, 2 в. Тапсырыс №40 Осы шығарылымның таралымы - 10050